

АСТАНА ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ
«ҒАФУ ҚАЙЫРБЕКОВ АТЫНДАҒЫ
№2 МЕКТЕП-ГИМНАЗИЯ»
ШАРУАШЫЛЫҚ ЖҮРГІЗІУ
ҚҰҚЫҒЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК
КОММУНАЛДЫҚ КӘСІПОРЫН



ГОСУДАРСТВЕННОЕ
КОММУНАЛЬНОЕ
ПРЕДПРИЯТИЕ НА ПРАВЕ
ХОЗЯЙСТВЕННОГО ВЕДЕНИЯ
«ШКОЛА-ГИМНАЗИЯ №2 ИМЕНИ
ГАФУ ҚАЙЫРБЕКОВА» АКИМАТА
ГОРОД АСТАНА

Астана қаласы, Сейфуллина, 19,
тел.: 8717250-16-31
e-mail: astana_sh2@mail.ru

город Астана, ул. Сейфуллина, 19,
тел.: 8717250-16-31
e-mail: astana_sh2@mail.ru

БҰЙРЫҚ

2025 ЖЫЛҒЫ 08.05
Астана қаласы

ПРИКАЗ

№ 102
город Астана

2024-2025 оқу жылының аяқталуы туралы

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің орта білім беру ұйымдарында «Білімім – Отаныма» мектеп бітіру іс-шараларын өткізу туралы тұжырымдамасы негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Мектеп-гимназиясында оқу жылы 2025 жылғы 23 мамырда аяқталсын;
2. 23 мамыр күні 1-11 сынып оқушыларына «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының құндылықтарына негізделген «Білімім – Отаныма!» атты тақырыпта сынып сағаты өткізілсін. Сынып сағаттарының сценарийлерін педагогтер әр сыныптың жас ерекшеліктерін ескере отырып, өз бетінше әзірлейді. Сынып сағатында демалыста оқуға ұсынылатын кітаптар тізімін, сондай-ақ қарауға болатын фильмдер тізімін ұсынып, қауіпсіздік шаралары, алдын ала жоспарланып ұйымдастырылған демалыстың артықшылықтары, қосымша білім беру ұйымдарына қатысудың тиімділігі, еңбек етудің пайдасы, ата-анаға, ата-әжелеріне көмектесудің қажеттілігі айтылады. Сынып сағаттары мен салтанатты іс-шараларды өткізу барысында дипломдар мен сертификаттарды ресми түрде табыстауға болады.
3. Барлық білім алушыларға 1-4 сыныптар «Таза Қазақстан», 5-9 сыныптар «Заң және тәртіп», 10-11 сыныптар «Адал азамат» тақырыптық бағыттары бойынша эссе жазу арасында эссе байқауы өткізілсін; Үздік жұмыстар сынып сағатында оқылып, авторлары марапатталсын;
4. 24 мамыр күні сағат 10.00-де 11-сынып түлектеріне арналған салтанатты іс-шара өткізілсін;
5. Аттестаттарды салтанатты табыстау ағымдағы жылдың 13 маусым күні 9 сынып оқушыларына, 19.маусым күні 11 сынып оқушыларына өткізілсін;
6. Педагогикалық этиканы сақтау және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алу мақсатында:

- ата-аналардан қаражат жинауға, - аниматорлар, агенттіктер мен жеке студияларды тартуға, көлік жалдап, шерулер ұйымдастыруға, 4-сынып оқушылары үшін салтанатты шаралар өткізуге жол берілмейді. Сонымен қатар, мектеп әкімшілігі мен мұғалімдерге сыйлықтар алу үшін қаражат жинауға және емтихан уақытында үстел жасауға қатаң тыйым салынады. Білім беру ұйымдарында аталған өрескелдіктер орын алған жағдайда заңнамаға сәйкес қатаң шаралар қолданылады.

Директор



С.Б.Нугуманов